



№37

/Сәрсенбі/

11 қыркүйек

2019 жыл

RESPUBLIKALYQ APITALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Facebook Айғақ Медиа

Instagram aigakmedia

YouTube Айғақ ТВ

www.aigak.kz

Газет Қазақстан Журналистика Академиясының "Алтын Жұлдыз", Қазақстан Журналистер одағының Тұрар Рысқұлов және Саттар ЕРҰБАЕВ атындағы сыйлықтарының, "Алтын жүрек" сыйлығының иегері

**Мемлекет басшысы 24 маусымда Арыс қаласында болған төтенше жағдай кезінде және қару-жарақ қоймасындағы жарылыстың салдарын жою барысында ерекше көзге түскен еліміздің азаматтарына мемлекеттік наградалар тапсырды. «Ақорда» резиденциясында өткен салтанатты жиында 40 адам марапатталды.**

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде тұрғындарды құтқаруға және Арыс қаласын қайта қалпына келтіруге атсалысқан барлық азаматқа ризашылық білдірді.

Президент 24 маусым халқымыздың тағы бір сынақтан сүрінбей өткен күні ретінде тарихта қалатынын айтып, Арыс тұрғындарының тыныштығы бұзылғанымен, елдің рухы түспегенін айтты.

– Қайғылы жағдай ешкімді бей-жай қалдырмады. Арыс қаласын бүкіл ел болып қалпына келтірдік. Бұған Қазақстанның әр тұрғыны үлес қосты. Патриотизм мен шынайы көмектің осындай жарқын үлгісінің негізінде жастарымызды тәрбиелеуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі уақытта нысандардың 97



**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:**

## АРЫС ҚАЛАСЫН

## БҮКІЛ ЕЛ БОЛЫП ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІК

пайызының қайта қалпына келтіру жұмыстары аяқталғанын, ең алдымен, көп балалы отбасылардың баспаналары қалпына келтірілгенін хабарлады. 1 қыркүйек күні 16 мектеп 12 мың оқушыны қабылдады, оның 2,5 мыңы бірінші сыныпқа барған бүлдіршіндер.

Қазақстан Президенті сөзінің соңында Арыс оқиғасы халқымыздың қиын-қыстау кездегі

бекем бірлігі мен ынтымағын көрсеткенін айтты.

– Шын мәнінде, бүгінгі жиынға қатысып отырған азаматтар – нағыз батырлар. Ал, осы залға келе алмағандардың бәрі ордендермен және медальдармен марапатталатын болады, – деп қорытындылады Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ жиында Президент: “Арыстағы трагедия

жергілікті мыңдаған отбасын бір сәтте баспанасыз қалдырды. Әскерилер мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің шапшаңдығы мен бағылдығы алғашқы минуттарда-ақ халықты эвакуациялауға мүмкіндік берді”, – деді. Марапатталғандардың арасында арыстық тұрғындар да бар. Олар, Арыс қаласындағы «Алтын тұмар» балабақшасының меңгерушісі

Уәлиханова Гаухар Шыналбайқызы – 113 баланы эвакуациялаған, сондай-ақ, «ЛИДЕР» балабақшасының жүргізушісі Әбдіхалық Асқар Алмасбекұлы – 70 тәрбиеленушіні эвакуациялаған. Сонымен қатар, жарылыста еңбек еткен әскерилер, полицейлер, еріктілер де ІІ және ІІІ дәрежелі “Айбын” орденімен, “Құрмет” орденімен, “Ерлігі үшін” және “Жауынгерлік ерлігі үшін” медальдарымен, медицина қызметкерлері – “Шапағат” медалімен марапатталды. Олардың қатарында Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Нұрғали Жүнісов бар.

**Ақорда.**

## ШЫМКЕНТТІК ОҚУШЫ РОБОТ ЖАСАУДЫҢ АВТОРЛЫҚ ПАТЕНТІН ИЕМДЕНДІ

**Шымкент қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Қуаныш Мәден құбыр тазалаушы робот ойлап тауып, оның авторлық патентін иеленді. Оқушы өз жобасын екі жыл бойы ойластырған.**

Қуаныш Мәден өзі ойластырған роботтың техникалық рефератын әзірлеп, формуласы мен схемалары жазылған құжаттарды Ұлттық зияткерлік меншік институтына тапсырған. Идея авторлығын растайтын патент биылғы тамызда табысталған.

Тәуелсіздік жылдарында білім сапасын арттыруда көптеген игі істер атқарылды. Нәтижесінде қазақстандық оқушылар әлемдік білім додаларында жүлделі орындарға ие болып, ел мерейін арттырып жүр. Одан бөлек те көптеген сайыстарда

Құбыр тазалайтын роботты құрастыру үшін жас өнертапқыш екі жыл бойы робототехника үйірмесінде оқиды. Идея авторы роботты бөлшектеп жинады. Шымкенттік оқушының роботын бүкіл Қазақстан біледі.

– Жобамды қазір көбі біледі. Себебі, мен біраз жарыстарға қатыстым. Бұл жұмысым маған республикалық «3.2.1. СТАРТ» байқауында 1 орын және 1 млн теңге көлемінде қаржылай сыйақы, 60 мемлекеттің арасында өткен халықаралық CAS-TIC-2019 жарысында инженерлік ғылымдар



санатында 2-орын алып берді, – дейді жас ғалым.

Қуаныш Мәден 2017 жылы «Жас өнертапқыш» номинациясын иеленді. Өнертапқыш өзінің отандық өндірісте кеңінен қолданылғанын қалайды.

**«Айғақ»-ақпарат.**

Кентау қаласында шаруалардың басы қосылған ауқымды шара өтті. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің бастамасымен жүзеге асқан семинар - кеңесте 1200 басқа арналған тауарлы сүт фермасының кірпіші қойылды. Алғашқы болып Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Естайұлы қалады. Аталмыш цех Кентау қаласы Шаға ауылында 2020 жылы іске асады.

Шағын және орта бизнесті дамыту экономикалық өрлеудің және өлеуметтік-саяси жаңғыртудың басты құралы. Әсіресе, жеке меншіктің нақты өмірге жүзеге асуы және орта таптың қалыптасуының мемлекетімізде артқан сайын еліміз көркейіп, халықтың өлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарады. Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың тиімді әрі нәтижелі секторы. Шағын және орта кәсіпкерлік жұмыссыздықты жоюда, нарыққа қажетті тауарларды

## КЕНТАУДА СҮТ ФЕРМАСЫНЫҢ КІРПІШІ ҚАЛАНДЫ



жеткізуде, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде және экономиканы тұрақтандыруда шешуші фактор болып табылады.

Ашылатын тұрақты жұмыс орны 100 адамды құрамақ. Жылына 4500 т экстрекласты сүт өндіру жоспарлануда. Ғылым

мен білімге негізделген жиынға Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеев, ҚР АШМ өкілдері, облыстық мәслихат депутаттары, ғылыми институттар басшылары, ғалымдар, агроқұрылым басшылары мен кәсіпкерлер қатысты.

**Жалғасы 2-ші бетте**





## КӘСІПКЕРЛІК - ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ІШКІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа өзінің алғашқы Жолдауын жариялады. Өртүрлі саланы дамытуға егжей-тегжейлі мән берген Мемлекет басшысы Елбасы сарабал саясатының жалғасы іспеттес. Яғни, халықтың тұрмысының жақсаруына бағытталған тапсырмалар. Одан бөлек зорлық-зомбылыққа жол бермеу, қылмыскерлерді жазасыз қалдырмау, браконьерлердің бассыздығына тосқауыл қою, сын-

ды тың тақырыптар да Мемлекет басшысының Жолдауында қамтылды. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру мақсатында

Түркістан облысының әкімі Ө.Е.Шөкеевтің тапсырмасына сәйкес, облыстың аудан және қалаларында белсенді түрде

тұрғындармен кездесулер өткізілді.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиев бастаған жұмыс тобы Мақтаарал, Жетісай және Шардара аудандарының тұрғындарымен кездесті.

Өз кезегінде Мейіржан Мырзалиев кәсіпкерлік саласы, инвестиция тарту, экспортты қолдау және т.б. салалар аясында атқарылып жатқан жұмыстармен бөлісті. Мейіржан Мырзалиевтің

айтуынша, Түркістан облысы бойынша жалпы 138 мыңнан астам шағын және орта кәсіпорындар жұмыс істейді. «Президенттің Жолдауында көрсетілген міндеттерге сәйкес, микро және шағын бизнесті 3 жылдық мерзімге салықтан босату тетіктері әзірленеді. Сонымен қатар, облыста «қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы белсенді түрде жүзеге асырылуда және Түркістан облысы нәтижелер бойынша көш бастап тұр», - деді облыс әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ, жиынға қатысушылар аудандарда атқарылған жұмыстарға тоқталып, Елбасы Жолдауындағы міндеттердің орындалу барысын талқылады.

Айта кету керек, облыста кәсіпкерлікті дамытудың жаңа архитектурасы әзірленген болатын. Нәтижесінде мамандар тобы құрылып, оның құрамына Инвестициялар және экспорт басқармасы, «Turkistan Invest» фронт-офисі, Кәсіпкерлерге қызмет

көрсету орталығы және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалы, «Оңтүстік» АИО және «Ырыс» МҚҰ кірді. Аталған ұйымдар жұмысын облыс әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиев қадағалауда.

Осы орайда, тұрғындармен ашық диалог орнату мақсатында бүкіл команда жоғарыда аталған аудандар кәсіпкерлерімен кездесу өткізді, онда бизнестің ең өзекті мәселелері көтерілді.

Сонымен қатар, жұмыс тобы бірқатар кәсіпкерлік нысандарында болды, олар осы кәсіпорындардың өрі қарай дамуына кедергі келтіретін мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын талқылады.

Шағын және орта бизнес ел экономикасының ішкі қозғаушы күші. Бұл саланы дамыту тек экономикаға ғана емес, жергілікті халықты жұмыспен қамтуда да үлесі зор. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы кәсіпкерлікті

дамытуға зор көңіл бөліп келсе, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің алғашқы Жолдауында кәсіпкерлікті дамытуға қатысты үш жыл мерзімге салықтан босатып, бейберекет тексеруге тыйым салды. Бұл да өз кезегінде кәсіпкерлердің емің-еркін жұмыс істеп, өндірістерін өрге домалатуға таптырмас мүмкіндік.

Сапардың соңғы нысаны Шардара ауданы, Алатау батыр ауылында орналасқан «International Company of Cotton» ЖШС мақта өңдеу зауытының инвестициялық жобасы болды. Инвестициялық жобаның сомасы 5,5 млрд. теңгені құрайды. Мақта өңдеу зауыты осы жылдың қазан айында іске қосылады, деп күтілуде. Бір жыл ішінде зауыт мақта талшығына 144 000 тонна мақта өңдейді. 47 000 тонна мақта талшығы өнімдері Қытайға, Сингапур Республикасына және Өзбекстанға экспортталады. 200 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалығымен Арыс қаласында қаланы қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу бойынша аппараттық жиын өтті. Басқосуға еліміздің барлық облыстарынан келген Арыс қаласындағы құрылыс жұмыстарына жауапты өкілдері, Түркістан облыстық басқарма басшылары мен аудандық әкімдік мамандары қатысты. Жиында Арыс қаласындағы тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар мен жолдарда жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары мен тұрғындарға көрсе-

ленген кестеден кешіктірмеуді және орын алған кемшіліктерді жеке-жеке қарап, тұрғын үй иелерінің өтініштерін ескере отырып шешуді тапсырды. Жиында Түркістан облысы Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Ербол Ахметов Арыс қаласындағы құрылыс-жөндеу жұмыстары



жоспарланған. Бүгінде жалпы 62 көшенің 37 көшесі аяқталды. Қалған 25 көшесінде жұмыстар жүргізілуде. 16 көшесінде аяқ-жол салу жұмыстары аяқталып, жарықтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ал 6 көшесінде жарықтандыру жұмыстары жалғасуда. Жоғарыда аталған көшелер қыркүйек айында толық аяқталатын болады. Жалпы бүгінгі күнге Арыс қаласында 543 коммерциялық нысан бар. Оның ішінде 509 нысанға залал келтірілген, ал 12 нысан толығымен жойылған. Арыс қаласында жалпы 68 әлеуметтік нысан жөндеуді қажет етеді. Оның ішінде 4 жана құрылыс, 64 қалпына келтіру жұмыстары жүрде. Білім беру нысандары - 53, денсаулық сақтау - 8, спорт нысандары - 4, қоғамдық орындар - 3, Ағымдағы жылдың 6 қыркүйектегі жағдайға 62 нысанның құрылыс жұмыстары аяқталды. Қалған 6 нысанда құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жиыннан соң Өмірзақ Шөкеев Арыс қаласындағы бірқатар құрылыс нысандарын аралап шығып, жергілікті тұрғындармен кездесті.

**Бетті дайындаған:**  
**Акерке ИСМАНОВА.**

## ӘКІМ АРЫСТАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТЫ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАУДЫ ТАПСЫРДЫ

тіліп жатқан көмектің жай-күйі талқыланды. Облыс басшысы барлық құрылыс нысандарының дер кезінде аяқталуын тапсырып, құрылыс сапасына баса назар аудару керектігін қадап айтты. Басқосуда сөз алған құрылысшылар жұмысқа кедергі келтіріп жатқан бірқатар мәселелерді сөз етті. Олардың айтуларына, Арыстағы бірнеше үй иелері сараптау қорытындысымен келіспей отыр. Тұрғындар үйлерін күрделі жөндеудің орнына түгел сүріп тастауды талап етуде. Мұндай азаматтарға алдын ала ескертулер жасалған. Сондай-ақ, құжаттарды заңдастыруға қатысты кей қиыншылықтар да белгілеген мерзімнен кешігуге сеп болуда деді сектор жауаптылары.

Мәселеге қаныққан Өмірзақ Естайұлы барлық сектор жауаптыларына құрылыс жұмыстарын аяқтау мерзімін белгі-

жайында баяндама жасады.

“Жалпы Арыс қаласында 8637 тұрғын үй нысаны орналасқан. Оның ішінде: Жеке тұрғын үй - 8534; Көп қабатты тұрғын үйлер - 103. Жөндеуді қажет ететіні - 7 164 нысан. Қалпына келтіруге жатпайтын - 470 нысанды құрайды. Ағымдағы жылдың 6 қыркүйектегі жағдайға 7149 - тұрғын және көп-қабатты үйлерде құрылыс жұмыстары аяқталып, оның ішінде 189 құрылыстары ішкі әлеуметтік нысан болып табылады. Ал, қалған 15 нысанда құрылыс жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде 10 нысан бойынша меншік иелерінің келіспеуінен құрылыс жұмыстары тоқтап тұр. Қалпына келтіру жұмыстарына: 144 - құрылыс компаниялары, 4 248 - жұмысшылар, 215 - арнайы техникалар тартылды”, - деді ол. Арыс қаласы бойынша автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарын жүргізу 13 аймақ

## ҚОРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНАДЫ

Түркістан облысында тұрақтандыру қоры жұмысының тиімділігін арттыру үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (бұдан әрі - ЭМАТ) бағасының өсуіне жол бермеу жөніндегі жұмыстың жаңа тетігі әзірленді. Бұл халықтың әл-ауқатын арттыруға, әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды шара.

Осыған байланысты Түркістан облысының азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссияның селекторлық кеңесі өтті. Комиссия құрамында облыстық мәслихат депутаттары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері, статистика департаментінің, Ауыл шаруашылығы басқармасының және «Түркістан» ӘКК» АҚ базасындағы тұрақтандыру қорының баяндамалары тыңдалды.

Бүгінгі күні тұрақтандыру қорының ақпараты бойынша 10 428 тонна қосалқы өнім бар, оның ішінде: картоп - 4 253 тонна, ұн - 3 718 тонна, сәбіз - 1 094 тонна, пияз - 1 000 тонна, қырыққабат - 11 тонна, құмшекер - 341 тонна, қарақұмық жармасы - 9 тонна. Сондай-ақ, қорға тиесілі 250 млн. теңгеден астам қаражат бар, ол облыстық тұрақтандыру қоры тарапынан азық-түлік тауарларының жүйелі интервенциясы нысанында ЭМАТ бағасын тұрақтандыру үшін, пайдаланылатын болады.

Сонымен қатар, Түркістан облысы әкімінің орынбасары

Мейіржан Мырзалиев тұрақтандыру қорының негізгі азық-түлік өнімдеріне бағаның өсуіне жол бермеу жөніндегі жұмысы тиісті түрде жүргізілмегенін және қордың осы бағыттағы дербес жауапкершілігіне назар аударғанын атап өтті.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, Үкімет деңгейінде ЭМАТ бағасын ұстап тұрудың бірқатар жаңа құралдары әзірленді, оның ішінде сауда үстемелері 15% деңгейінде, сауда нүктелерінде отандық тауарларға кемінде 30% кеңістік ұсыну талабы.

Сонымен қатар, комиссия «Түркістан» ӘКК» АҚ-ға 2019 жылғы 17 тамызда күшіне енген ЭМАТ бағасын тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың типтік ережелері шеңберінде сауда желілеріне қаржы беру арқылы азық-түлік өнімдерінің бағасын ұстап тұру бойынша құралды белсенді іске қосуды ұсынды. Сондай-ақ, «Түркістан» ӘКК» АҚ Инвесторлармен көтерме-тарату орталығын салу бойынша бірлескен жобаны әзірлеу тапсырылды.

Айта кетерлігі, Түркістан облысында тұрақтандыру қорына тиесілі әлеуметтік дүкендер жұмыс істейді. 14 дүкеннің 7-і бөлшек сауда нүктелері ретінде пішінделген және 7-і көтерме бөлшек сауда рөлін атқарады. Осы сауда нүктелеріндегі бағалар Түркістан қаласы бойынша орташа нарықтық бағадан 20-25 пайызға төмен.

## ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастырып қана қоймай, бүгінгі күн талабына жауап беретін, қандай сынаққа болса да төтеп беретін нақты-нақты жобаларды жүзеге асыру бағытында жер-жерде атқарылып жатқан іс-шаралар күн өткен сайын жандана түсуде. Соның бірі, өрі бірегейі-«Қазақстан халқының тілдері күні» мерекесі аясында өткізілген іс-шара болып отыр. Иә, Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Б. Сағынтаевтың 2017 жылғы 31 қазандағы «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» №689 ҚР Үкіметінің қаулысына қол қойғаннан кейін айтулы мерекелердің арасында Қазақстан халқы тілдері күні-5 қыркүйек болып бекітілгеннен кейін жұмыс ауқымы кеңіді.

Шымкент қаласында Үкіметтің осы қаулысы негізінде «Қазақстан халқының тілдері күні» мерекесі сары алтын күздің алғашқы айы- 2-11 қыркүйек аралығында Шымқала аумағында кеңінен атап өту жоспарланған болатын. Атап айтқанда, үстіміздегі жылдың қыркүйек айының бірінші онкүндігінде «Қазақстан халқының тілдері күні» мерекесі аясында Шымкент қалалық тілдерді оқыту-әдістемелік орталығы бекіткен іс-шара жоспарына сәйкес «Арбат» демалыс орнында «Біз латынды қолдаймыз!» акциясы мен «Тілтаным» викториналық сауалнама, Бөйдібек би алаңындағы «Сарыжайлау» саябағында «Сөзмерген» викториналық сауалнама өткізілді.

Тіл мәртебесін көтеру мақсатындағы іс-шара «Арбат» демалыс орнында «Біз латынды қолдаймыз!» атты акциямен басталды. Жылдағы дәстүр бойынша қала тұрғындары мен қонақтары, студенттер, мектеп оқушылары қатысты.

«Тіл мәдениетін жетілдіру, мемлекеттік бағдарламада көзделген міндеттерді жүзеге асыру, сондай-ақ, латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін қала тұрғындарына кеңінен насихаттау. Әсіресе жастар арасында ақпараттық танымдық жұмыс жүргізу». Бұл аталмыш акцияның мақсаты болатын. Акция барысында жүргізушілер Г. Қалдыбаева мен А. Керімжан шеберліктерін танытып, жиналғандарды жылы сөздерімен баурап отырды.

Іс-шара жоспарына енгізілген латын графикасында жазылған өн орындалып, көрермендер көзайымына айналды. Сондай-ақ, өннің бір ерекшелігі экранда көрсетіліп тұрды.

Түнгі сағат 22:30-ға дейін жалғасқан акция көрермен көңілінен шықты.

Бүгінде мемлекеттік тілдің өркендеуі бағытында атқарылып жатқан істердің бірі-сөз маржанын теру. Мерекеде осыған байланысты Бөйдібек

би алаңы «Сарыжайлау» саябағында өткен «Сөзмерген» викториналық сауалнаманы айтуға болады. Викториналық сауалнаманы жүргізушілер М. Болат, Г. Есепбаева және А. Шайхудинова мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, дамыту, халықтың тілге деген қызығушылығын арттыру -викториналық сауалнаманың мақсаты екенін түсіндірді. Викториналық сұрақтарға белсене атсалысқан және өздерінің тіл тұрғысындағы білімі мен біліктілігін танытқан, дұрыс әрі жақсы жауап берген қала тұрғындарына «Абайдың қара сөздері» атты кітабы сыйлыққа берілді. Бір қуанарлығы-мемлекеттік тілде қойылған викториналық сауалдарға ынта-шынтасымен жауап бергендердің арасында өзге ұлт өкілдері де көп болды.

Бұл-жергілікті халықтың тілін, дінін құрметтеп, тіл мерекесінде мемлекеттік тілде сөйлеп, көзге түскен қазақстандық өзге ұлт өкілдерінің жауапкершілігін көрсетті.

Тіл мерекесін атап өту барысында «Тілтаным» викториналық сауалнамаға қатты көңіл бөлінгені-тілге деген құрметті көрсетті. «Арбат» демалыс орнында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, дамыту, тілге деген қызығушылығын арттыру бағытында өткен «Тілтаным» викториналық сұрақтар қала тұрғындары мен қонақтары үшін үлкен сый болды. Өйткені, викториналық сауалнаманы жүргізушілер Г. Абдуғаппарова, А. Даулетбахова, Н. Маужанова, Г. Аманбаева жиналғандардың көкейдегісін дөп басты. Бірі дұрыс жауап беріп, көш бастаса, екіншісі сөз маржанын терген тіл жанашырлары екенін байқатты.

Мемлекеттік тілдің болашағынан зор үміт күткен ата-аналар мен қала тұрғындары студенттердің де сауалнамаларға белсене қатысқандарын көріп, риза болысты. Бұл жолы да шеберлік танытқандар «Абайдың қара сөздері» атты кітапты сыйға алды.

Викториналық сұрақтар мемлекеттік тілде қойылып жатты, ал, жауап бергендердің ішінен өзге ұлт өкілдері де ерекшеленді.

«Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» дегенді жадында сақтап, мемлекеттік тілге жанашырлық танытып жүрген түркістандық саңлақтардың да мақсаты- өсіп келе жатқан ұрпақтың көкейіне мемлекеттік тілдің мән-мағынасын, қадір-қасиетін ұялата білген бұл «Қазақстан халқының тілдері күні» мерекесі ұйымдастырылуы, өткізілуі жағынан жоғары бағаға ие болды. Өйткені, тіл мәртебесі-ел мәртебесі.



Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен кездесіп, этномәдени бірлестіктердің жұмысымен танысу үшін Шымкент қаласының әкімі Ерлан Айтханов Шымкенттегі қалалық «Қазақстан халқы Ассамблеясы» ғимаратында болды. Кездесуде Ассамблеяның XXVII сессиясында айтылған міндеттерді орындау, «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Қазақтану» сынды маңызды жобаларды жүзеге асыру, елдің бірлігін нығайту бағытындағы ассамблеяның жұмысын ілгерілету мәселесі сөз болды.

Басқосуда қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Мұратәлі Қалмұратовтың есебі, ассамблея мүшелерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

## ҮШІНШІ МЕГАПОЛИС МӘРІ АССАМБЛЕЯ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Елбасы саясатының арқасында еліміздің байрағы биік, тұғыры берік. Бірбірімен тату-тәтті өмір сүріп жатқан өртүрлі ұлт өкілдерімен кездесу сө-

гінде қалада 17 этномәдени бірлестік елдің берекелі бірлігін бекемдеп, ырысты ынтымағын арттыру бағытында жұмыс істеп келеді.

Айта кететін жайт, қалалық



тінде Бейбітшілік пен тұрақтылықтың маңызына тоқталған қала басшысы Шымқалада достықтың туы үнемі көкте желбіреп тұруы үшін бірлік, ынтымақ қажеттігін тілге тиек етті.

Шұғылалы Шымқалада 100-ден астам этнос өкілдері тату - тәтті өмір сүруде. Демек, миллионнан астам шымкенттіктердің 35 пайызын этнос өкілдері құрайды деген сөз. Бү-

ассамблея жанынан 8 қоғамдық құрылым (Қоғамдық келісім кеңесі, Аналар кеңесі, Медиация кеңесі, Ғылыми-сарапшылық топ, Журналистер мен блогерлер клубы, Ақпараттық-насихаттық топ, Қалалық ҚХА кәсіпкерлер қауымдастығы, «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысы штабы) өз жұмысын бастап, жақсы жолға қойған.

## «ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ - 2019» АКЦИЯСЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Денсаулық- зор байлық. Баға жетпес байлығымызды көздің қарашығындай сақтау -әрбіріміздің қолымыздан келетін дүние... Қазақта «Ауырмаудың алдын ал», деген қағида санаға сіңіп, бұрынғыдан да өміршеңдігін айқындап келеді. Халықты салауатты өмір салтын сақтауға шақырған шара «Денсаулық ФЕСТИВАЛІ-2019» акциясы таңмен бірге бастау алып, жиналғандар жаппай жаттығу жасады.

2000-ға жуық қала тұрғындары білікті дәрігерлердің қабылдауында болып, тегін медициналық тексеруден өтіп жатқанда, көпшілік акцияны ұйымдастырушыларға дән риза болды.

Үшінші мегаполис әкімі Ерлан Айтханов «Денсаулық» фестиваліне қатысқан медициналық қалашықтағы дәрігерлердің жұмысын бақылап, ақ желенді абзал жандарға сөттілік тіледі. Қала тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстануға шақырған әкім акция барысында мемлекеттік және

жекеменшік әріптестік аясында ашылған «Медикер» клиникасының жұмысымен де танысты. Жаңа клиника медициналық қызметтердің жоғары сапалылығымен белгілі болған мекеме. Сонымен бірге, ол Қазақстандағы жекеменшік медициналық орталықтардың ең үлкен желісі болып табылады.

Бірікпелі «МЕДИКЕР 4К» денсаулықты тиімді басқаруға бағытталған, диагностикалық және емдік қызметтер кешенін қамтиды. Бұл -қала тұрғындарының денсаулығын жақсартуға деген игі қадамдардың бірі.

«Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы М.Әуезов атындағы ОҚМУ жанынан жұмыс жүргізіп келеді. Сонымен бірге, бүгінде қала аумағындағы 38 колледж жанынан «Достық» клубтары ашылған.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жүктелген міндеттердің ішінде халықтың денсаулығын сақтауға ерекше көңіл бөлінгені көпшілікке аян. Сондықтан да,

жиын барысында Ерлан Айтханов қала тұрғындары мен қонақтарды ҚР Президенті алға қойған міндеттерді жұмыла орындауға шақырды.

Денсаулық акциясы аясында Шымкент қаласының әкімі Ерлан Айтханов «Нұрсәт» шағын ауданындағы қалалық перинаталдық орталық пен көпсалалы №2 қалалық ауруханасының және қалалық перзентхананың жұмысымен танысты.

Жақсы ісін жалғастырып жатқан медицина қызметкерлерінің жұмысымен, нысандардағы қажетті медициналық жабдықтарды арап көрген қала басшысы өзекті мәселелер бойынша жауапты сәлелер жетекшілеріне тапсырмалар жүктеді.

Халықтың денсаулығын қырағы күзету үшін, қажетті медициналық құрал-жабдықтар, білікті мамандар қажет. Сонымен бірге, ғимараттардың талапқа сай болуы-бірінші кезектегі міндет. Осы мақсатта Ерлан Қуанышұлы №2 қалалық аурухана мен қалалық перзентханаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді және жөндеу жұмыстарын ең алдымен перзентхана бөлімінен бастау қажеттігін қадап айтты.

Қала басшысы денсаулық саласына еңбегі сіңген, өмірлік тәжірибесі мол білікті ардагер дәрігерлермен кеңесіп отыру үшін, Ардагер-дәрігерлердің кеңесін құруды міндеттеді.

Ауруханалардың жұмысымен танысу кезінде қала әкімі ең алдымен медициналық жабдықтардың қолжетімділігі мен олардың пайдалану кезіндегі жағдайына, пациенттердің денсаулығы үшін атқарылып жатқан игі істердің барынша тиімді, емдеу шарттары мен қажетті дәрі-дәрмектердің болуына баса назар аударды.

Ағымдағы жылы қыркүйектің екінші ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа алғашқы Жолдауын жолдаған болатын. Президент Жолдауындағы әрбір бағыт Қазақстанның даму бағытын айқындайды. Елбасының сарабал саясатының жалғасы болып табылатын Жолдаудағы әрбір тапсырма елдің тұрақтылығын сақтау арқылы өлемнің сындарлы сағатында төтеп беруіне жол бастайды. Осы мақсаттарды жүзеге асырып, халықтың ахуалын жақсарту мақсатында өткен аптада Түркістан облысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын іске асыруға арналған жиын өтті. Алқалы жиында облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев Жолдауда айқындалған бағыттарға тоқталып, нақты тапсырмалар берді.

«Көптеген арыз-шағымдарды оңтайлы шешуде «Азаматтар өтініштерін бақылау» бөлімін құруды тапсырамын. Аталған бөлім барлық деңгейдегі арыз-шағымдардың мерзімінде жауап берілуіне бақылау

## ТҮРКІСТАНДА «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚОМАҚТЫ ҚАРАЖАТ БӨЛІНУДЕ

жасайды. Халықпен байланысты нығайтуда қоғамдық бақылау және партия белсенділері мен шенеуніктерді бағалау тетігін ұйымдастыра білуіміз керек», - деді Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев.

Жалпы, Түркістан облысында ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп түрлері кеңінен дамыған. Экспорттық потенциал өте жоғары. Аталған нысандардың өнімдері «Kazakhstan Invest», «Kazakhstan Tourism» мекемелері ұйымдастыратын халықаралық көрмелерге тұрақты қатысуын о б л ы с б а с ш ы с ы т и е с т і с а л а басшыларына жүктеді. Сонымен

қатар, облыс әкімі жиында «Елбасы тапсырмасына сәйкес «Ауыл-ел бесігі» жобасы облыста қарқынды жүзеге асып жатқанына тоқталды.

«Биыл Түркістан облысында 7 елді мекеннің мәселесін шешуге 4 млрд. теңге жұмсалды. Нәтижесінде 112,8 шақырым жол төселіп, 7 білім, 1 спорт және 5 мәде-

ниет нысандары жөндеуден өтетін болады. Жоба аясында 2020 жылға 15 елді мекенде 114 жобаны іске асыруға 4,8 млрд. теңге бағыттау жоспарлануда», деді Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев.



тұрғын үйдің (231 мың шаршы метр) құрылысы жүргізілуде. Нәтижесінде, жыл соңына дейін 2 613 пәтер пайдалануға беріледі.

Сондай-ақ, өңір басшысы облыстағы кезек күттірмейтін тағы бір мәселе – атаулы әлеуметтік көмек мәселесін атап өтті. Аталған бағдарламаны цифрландырып, атаулы көмек алушылар базасын жасақтауды тапсырды.

Актив отырысында мәслихат депутаттары, ардагерлер, зиялы қауым, қоғамдық ұйым тө-



Бұдан өзге, облыс басшысы жиында «Дипломмен ауылға» жобасы аясында биыл 1 729 маманға біржолғы көтерме жәрдемақыға жалпы 307 млн-нан астам теңге бағытталатынын айтты. Сонымен қатар, жоба бойынша тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, бюджеттік кредиттер беруге 3,8 млрд. теңге жоспарланып, нәтижесінде 356 маман баспаналы болмақ.

Сонымен қатар, облыста ағымдағы жылға «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бойынша 3 413 пәтерлі, 64

рағалары жарыс сөзге шығып, Жолдауда аталған міндеттерді айтып, өз пікірлерімен бөлісті.

Өмірзақ Естайұлы қала, аудан әкімдері мен қалалық құрылымдардың басшыларына тұрғындар арасында кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жүктеп, өздеріне жүктелген міндеттерді уақтылы өрі сапалы орындауға тапсырма берді. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, облыс тұрғындарын Жолдауды қолдауға шақырды.

## ТҮРКІСТАНДА «НҰРЛЫ ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ ТАБЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА



Тұрғын үй инфраструктурасын дамыту, тұрғын үй құрылысы ресурстары бойынша ауқымды және бүтіндей еліміздің экономикасы мен кәсіпкерлігінің дамуы үшін стратегиялық маңызы бар. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың бес әлеуметтік бастамасының мақсаты да осы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту. Әрине, оның бірі әрі бастысы халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бұл ретте әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру, жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемелерін азайту, жоғарғы білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханаларға деген сұранысын қамтамасыз ету, шағын несие көлемін көбейту, сондай-ақ, елді мекендерді газбен қамтамасыз ету ісін жалғастыру жөніндегі мәселелер бүгінгі таңда елдің асыға күткен келелі мәселелері екені даусыз. Қазіргі таңда еліміз үшін, баспана мәселесі ең өзекті. Қоғамның назарына іліккені де сол. Үйсіз-күйсіз жүргендер көп. Сондықтан да шығар, Елбасының «Бес әлеуметтік бастамасында» баспана мәселесі бірінші кезекте тұрғаны. Жайлы

тұрмыс үшін баспананың алатын орны бөлек. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың да күні кеше халыққа арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауында «Мен сайлау алдындағы бағдарламада бірыңғай тұрғын үй саясатын әзірлеу қажеттігін айтқан болатынмын.

Негізгі қағидат – тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру.

Үкімет жүйесіз бағдарламалар қабылдау тәжірибесін тоқтатып, тұрғын үй саясатын жетілдірудің бірыңғай моделін әзірлеуі қажет.

Мәселен, бастапқыда әлеуметтік мүддеге орайластырылған «7-20-25» бағдарламасы аясында қарыз алушының отбасылық табысы орташа есеппен айына 320 мың теңгені құрауы тиіс. Табысы аз адамдар бұған қатыса алмай отыр.

Сондықтан, биыл Елбасының бастамасы бойынша 2 пайыздық жеңілдетілген мөлшерлеменен, пайыздық алғашқы жарнасы 10 пайыз болатын жаңа «Бақытты Отбасы» бағдарламасы іске қосылды. Бұл – өте тиімді жеңілдік.

Жыл соңына дейін бұл бағдарлама бойынша кем дегенде 6 мың

отбасы баспанамен қамтамасыз етіледі. Бірінші кезекте, көпбалалы және мүгедек балалар тәрбиелеп отырған отбасылар қамтылатын болады. 2020 жылдан бастап жыл сайын осындай 10 мың отбасы баспанамен қамтылады.

Үкімет бағдарламаға қатысуға арналған айқын критерийлер белгілеп, оны қатаң өкімшілендіруді қамтамасыз етуі керек. Шын мәнінде көмекке мұқтаж жандарға ғана қолдау көрсетілуі тиіс», - деп нақты тапсырма берді.

Жалпы, тұрғын үй саясаты бойынша елімізде бір емес, бірнеше бағдарламалар арқылы жүзеге асып келеді. Түркістан облысында ағымдағы жылға «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бойынша 231 мың шаршы метрді құрайтын 3 413 пәтерлі 64 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Нәтижесінде, биыл жыл соңына дейін 177,6 мың шаршы метрлік 2 613 пәтерлі 50 тұрғын үйді пайдалануға тапсыру жоспарлануда. Біз бірінші кезекте халықтың аз қамтылған бөлігін баспанамен қамтамасыз етуді жылдамдағуымыз керек. Бұл туралы Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев ҚР Президенті Жолдауын іске асыруға арналған облыс актив жиынында мәлімдеді.

Ағымдағы жылы Түркістан облысы үшін тұрғын үйді пайдалануға тапсыру жоспары 550,6 мың шаршы метр, ал құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі 102% болып белгіленді.

2019 жылы қаңтар-шілде айының қорытындысымен Түркістан облысы бойынша барлығы 2950 пәтер тапсырылды, оның ішінде: 136 пәтер – қызметтік тұрғын үй (7,7мың ш. м.); 840 пәтер – арендалық тұрғын үй РБ(56,5 мың ш.м.); 41 пәтер – арендалық тұрғын үй ЖБ(3,5 мың ш.м.); 1933 пәтер – жеке тұрғын үй құрылысы (268,7мың ш. м.).

Қоғамдық көлік қаланың ашап шеті мен мына шетіне қарапайым халықтың қолжетімді бағада жүріп тұруына өте қажет – ақ. Сондықтан да, Түркістан қаласының тұрғындары үшін қоғамдық көліктер мәселесі әрдайым жіті назарда. Облыс орталығындағы автобустардың сапасын арттыру жұмыстары жанданып келеді. Жыл басында



жұырда қала ішіндегі №5, №7, №30, №31 бағыттарында жолаушыларды тасымақдайтын болады.

Айта кетейік, жыл соңына дейін Қазақстанда жасалған «Сарыарқа

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР - ҚАЛА ХАЛҚЫ ҮШІН МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

қаладағы қоғамдық көліктердің қатары 16 автобуспен толыққан болатын, енді олардың қатарына жуырда «Yutong» маркалы 5 автобус қосылды.

Жалпы, қалаішілік көліктің кезектелген орталықтанған аймақ үшін өте қажетті дүние. Бұл да өз кезегінде қаланың маңызды мәселесінің шешілігін. Облыс орталығы атанған Түркістан үшін, мұндай мәселенің өу бастан шешімінің тапқаны болашақта қала халқының санының артқанда қажеттінің шешімін тауып отыратыны ақиқат. Себебі, орталықтанған аймақтың халық саны күн санап артқанда өзге де мәселелердің күрмеуін шешу қажет-ақ.

Автобустардың барлығы бірыңғай жасыл түспен боялған. Онда Түркістан қаласының логотипі белгіленген. Ұзындығы 8,5 метр. Сыйымдылығы 28 орындық, қосымша 30 адамды мінгізуге қауқарлы. Автобус ішінде жарнамалық экран мен желдеткіш қойылған. Қоғамдық көлікте пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін, әрбір аялдама арнайы жүйе арқылы хабарланып отыратын болады. Тіпті, алдағы жылдарда іс жүзеге аспақ. Ал, мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасау үшін, артқы есігіне пандус қоюды да қарастыруда. Жаңа автобустар

АвтоПром» автозауыт базасынан тағы да су жаңа 36 автобус пайдалануға берілмек. Олар шаһарға кіретін 5 бағытты қамтитын болады.

Жалпы, бұған дейін өздеріңізге белгілі Түркістан қаласында халықаралық автобекеттің тұсауы кесіліп, ел игілігіне берілген еді. Заман талабына сай автобекеттің жаңадан құрылымдалған облыс орталығына пайдасы паш етекпен. Себебі, қалааралық, облысаралық, тіптен халықаралық бағытта сапалы қызмет ететін мұндай орындар ел экономикасының және туризмінің дамуында рөлі ерекше.

Көлік қатынасы жоғары дамыған елдерде жақсы жолға қойылған. Шығыс Еуропа елдері мен Ресейдің көлік жүйесі жолдардың жиілігі мен сапасы, жүк айналымының мөлшері жөнінен Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-тан әлдеқайда төмен дәрежеде. Дамушы елдер бойынша осы заманғы көлік жүйелері тек жекелеген елдерде ғана жоғары дамыған, ал көпшілік елдерде ат-арба, адам күшімен жүк тасу өлі де болса, көп орын алып келеді. Сондықтан да еліміздің әр түрлііндегі көлік қатынасының артып, жолдардың халықаралық стандартқа сай салынып жатқандығы мемлекетіміздің экономикасы жыл сайын жүйелі түрде дамып келе жатқандығының айғағы.

Бетті дайындаған: Ұ. НАУШАБАЕВА

## I Бөлім

1. Димекең Жызақ қаласында. Қазақтар тіккен киіз үй.

(1992 жыл, 5 қараша)

Жызақ және Сырдария облыстарының шекарасында қарсы алынған соң, Димекең нөкерлерімен Жызаққа келді. Жызақ ертең болатын Шараф Рашидовтың 75 жылдығына өзіндікте. Мырзашөл ауданы қазақша үйлер тіккен.

Дастархан басы. Бекежан Тоқсанбаев сөйлеп тұр:

-Азгантай, азгантай құйылысың! Көңіл көтеріліп отырғаны дұрыс болар деймін. Мұндай отырыстың өзінде бізге ??сағандардың сөйлей беруі де қиындау. Оны жақсы түсініпкіреп жәрдем беріңіздер, көмектесіңіздер.

-Біз мейманбыз, - деді Т.Назарбеков. -Былай істейік, Бегімге сөз берейік! Бегім Серіков сөз алды да, таныстыра бастады:

-Біріншіден, Жызақ облысының мейманысыздар.

-Оны білеміз енді!, - деп қалды Төкең. -Оның ішінде Мырзашөл ауданында меймансыздар. Сол Мырзашөл ауданы қонақасы беріп отыр.

-Оны да білеміз! Әкім кім?

-Әкім мен, атым Бегім, фамилиям Серіков.

-Ө, жақсы, бағана Димекең айттып кеткен Серіков Бегім екенсіз ғой.

-Иә, мұнда Димекең айтқан екі Серік бар.

-Дұрыс.

-Әкім - мен, республикадан, мынау Артықбай Үкібаев Өзбекстаннан. Ал мына Бекең Тоқсанбаев - біздің елдің ақсақалы. Мына отырған жігіттер, сіздерменен бірге келген. Ахаттан бастап, мына Эльдар, Эльдардың достары. Мына отырған біздің жігіт - Қарсыбай Батанов - Жызақ облысындағы қазақ мәдени орталығының бастығы, жаңағы Артықбайдың осындағы бөлімшесі.

-Оң қолы десейші!

-Аудан бойынша да, Жызақ облысы бойынша да мәдени орталық басшысы. Енді бізде былай өзара келісім болған. Бізге көптеген қонақтар келіп жатыр. Мырзашөл ауданына - Қазақстан Республикасы делегациясын, көршілес Шымкент облысы, Жетісай аудандарынан арнайы шақырылған делегацияны күтіп алу тапсырылған. Сондай-ақ, Науаи облысы өкілдері де біздің еншімізде. Онда біздің бірқатар жігіттер күтіп жатыр. Біздер - Сіздермен біргеміз. Жетісай ауданы ертең - танертелеп келеді. Әкімі бар - бес кісі келеді. Зауытбек білетін шығар, Малдыбеков Сыпекең шақырылған, Димекеңнің інісі.

-Білемін. Ол да бар екен ғой, - деді Димекең.

-Сол кісілермен бірге шақырылған ардақты ақсақалдар да келеді.

Дінмұхамед Қонаев өте көңілді, әңгіме қосылып, демалып, рахаттанып күлімсіреп отыр.

-Сағат бестен бастап Сіздермен біргеміз. Өзбекстанға, Жызақ жеріне, оның ішінде мына бізге, өздеріңіздің бауырларыңыздың арасына қош келіңіз. Сіздің бұл келіңіз үлкен бір оқиға. Екі халықтың басын қосуға, екі халықтың достасуына, жалпы барлығымызға, бөрімізге үлкен абырой болып отыр, - деп жалғады сөзін Бегім Серіков.

-Әрине, - десті көпшілік.

-Кеше Ташкентте өте жақсы пресс-конференция болды. "Узбекистон овози" газетінің редакциясында. Мен қатыстым. Димекең өте жақсы жауаптар берді. Біз халықтар тыңдап жатырмыз. Осы алған бетіңізден қайтпаңыз. Сізге үлкен денсаулық, кеше өзіңіз айтқандай, жүз жас тілейміз. Димекең кеше айтты: "Еркектің жасы - екі елу" деді.

Серіковтің өңі нұрлана қуанып, күле сөйлеп тұрды.

Күлкі, ризашылық қоштаулар естілді.

-Міне, осындағы сапарыңыз өте сәтті болсын - деп тілейміз, ертең көп кісілерге жолығасыз. Бір күн болсаңыз да, әйтеуір қуанып, шын жүректен қуатыңызға қуат, денсаулығыңызға денсаулық қосып, көңілденіп қайтыңыз, аға!

Дінмұхамед Ахметұлы:

-Рахмет!

Жақсы әңгімелер айтылып жатты. Төлепбек Назарбеков қызу әңгіме қозғап, елді күлдіре бастады. Қоғамшыл, көпшілік адам екен. Жатты жақындастыратындай турашыл мінезі бар көрінеді. Әйтеуір, ортаның гүлі бола білді. Бұрынғы облыс, республика басшыларының кейбіреулерінің жақсы қасиеттері, адамгершілік қарапайым

мінездері туралы Төкең айта бастады. Оған қосымша сөз ретінде Димекең:

-Әр хатшының өзінің жұмыс істеу әдісі болады. Бүлдіріп кеткен мынау, "... басты" кісі болды ғой, - деп Горбачевті еске алды.

Бәрі ду күлді. Димекең сөзі ондық дәл түсіпті.

Сөзді Мырзашөлдің мәмілегер ақсақалдарының бірі Бекежан Тоқсанбаев жүйелей бастады:

-Жасы үлкен ағамыз, мына бірге өскен, бірге істескен, өзіменен іні, бір жағы замандас, қатар дос болған Рашидовтың, Шараф Рашидовичтың мінекі, өткелі жатқан үлкен, ұлы тойына келіп отыр. Бұл енді қазақша айтқан уақыттарда, құдайы есебінде өтіп те жатқан тіршілік. Соған қазақша, қазақтың жолыменен, "ниетіңіз қабыл болсын", дегім келіп отыр. Уақытысында тізе қосып, бірлесіп, осы Орта Азия мен Қазақстанның халықтарының мүдделерін, әйтеуір, оң көздеріменен қарап, екеуі қатар, қанаттаса істеген істері елдің, жұрттың есінде ғой. Бұл ешуақыттарда өшпейтін еңбек қой, ағайын, бұл ешуақыттарда өшпейді. Мұны өшірем дегенмен де, ешкім өшіре алмайды да! Оған Рашидов өмірі дәлел бола алады.

Ал енді Димекең осылай қарап шықты дегеннен біздің елдің қазақтың да, өзбегінің де құлақтары қалқып, осы "қай жақтан келе жатыр", "қай жерде келетіміз" тұр. Өзбекстанда І миллионнан астам қазақ бар. Ал енді мынау өзбек ағайынмыз ақсақал Сізді, бізге өздері талай айтады да, болса да, болмаса да өте үлкен құрметтейді. Бізді, әрине, сізге жақын дейді, қазақ дейді. О кісінің қандас халқы дейді. Ал енді сол досыңыздың, ініңіздің Асына келдіңіз, бір ауыз ләбіз білдіріңіз ақсақал, мына бізге, осы жерде отырған өзбекстандық қазақтарға - бөрімізге. Жызақ облысынанбыз деп, қазақтармыз деп отырмыз.

Димаш Ахметұлы:

-Біріншіден, сөз бергеніңізге өте үлкен рахмет. Аанада өзіңіз Алматыға келіп шақырып кеттіңіз. Ал кеше Мырзашөл ауданы Әкімі Бегім Серіков маған айтты, мен оны ұғып отырмын. Сіз бармасаңыз өкпеліміз дегенді айтты маған. Ал, енді соның бөрінен қорытынды шығарып, айналайын, бүгін міне жеттік, әем бүгін келе салып, осы жерден бастап, бірталай жақсы сөз есіттік. Жаңа өздеріңіз алдымыздан дәм-тұз алып, ана шекарада қатты қолдап, күтіп алдыңыздар.

Мұның барлығына үлкен рахмет. Мен өздеріңе белгілі, 21 жылдан артық Саяси Бюрода бірге қызмет істеген Шарафтың 75 жылдық тойына келдім. Жалғыз бұл тойға емес, Алматыдан, алыстан шыққандағы ойым - осындағы қазақтарға сөлем берейін деп те келдім.

-Рахмет, - десті көпшілік.

-Ал енді, өздеріңе белгілі, басқа жерлер де шақыруда, Жетісайға да шақырып кетті. Оның барлығына қыдырып жүрете, біздердің жас та келмейді, біріншіден, төтеп бере алмайды, екіншіден, уақыт та жете бермейді. Ықыласпен шақырғандардың бөріне рахмет! Менің айтатыным:

-Шаруаларың өсе берсін, қызметтерің, үй-іштерің мықты болсын, ауырмандар, бала-шағаларың молая берсін! Ескі қазақтың сөзімен айтқанда, Құдай тілектеріңді қабыл етсін. Әурақ риза болсын, шаңырақтарың биіктеп көбейе берсін, түтіні жоғарылай берсін! Сол үшін, баршаларыңызға рахмет, барлығымыз осы мына сусыннан тартып қояйық!

Әңгіме қызды. Әр ұлт, әр түрлі халықтардың басшылары, оларды елдің құрметтеуі, басшылыққа сайлануы туралы әңгімелер жүріп жатты. Мазмұнды, әсерлі сөздер айтылды. Өнегелі хикаяттардың шеті шығып отырды. Димекең: Мырзашөл, Жызақ атырабының Түркістан заманында қазақ билеп өткен, небір бектер келіп кеткен өлке екені туралы шет жағалап айтып отырды. Оқымысты адам бірер автордың кітабындағы белгілі ел басшысына берілген мінездемені жанамалап айта кетті. Соған орай:

-Жызақ облысының Әкімі қазақша оқы-

# МЫРЗАШӨЛДЕН Кездесулер

(Қонаев пен Рашидов)  
деректі хикаяттар



ган. Сарыағашта мектеп бітірген, - деп іле сөз қосты Бекежан Тоқсанбаев.

Димекең:

-Фрунзенің Рысқұловты мақтап "Своеобразный, умный, бірақ шатағы көбірек" деп жазғаны бар. Рысқұлов одаренный адам. Бөле - жарған ештеңесі жоқ.

-Үлкен кісіге кішкентай рюмка болыңқырамай отыр. 200 граммдық бермейсіңдер ме? - деп інісі Төлепбек Назарбековке қарап әзіл тастады Димекең. "Тостты жалғастыру қажет" деген ымды түсінгендей асаба Бекежан Тоқсанбаев:

-Дәмнен алып отырыңыздар. Сөз де беріп тұрайық. Өзі академиктерді басқару қиын болады екен. Мен Сүлейменов деген академиктің бір отырысын басқарып қалдым.

-Сұлтан, - деді Назарбеков танитынын білдіріп.

-Ол маған ауырлау болған. Ал енді Димаш Ахметовичпен отырған отырыста, бір жағынан менің талантым ашылып келе жатқандай жақсы отырмыз.

Біз мынау Шымкент облысыменен қатар-қабат жатырмыз. Өзіміз сол Шымкент облысынан енші алып былай өткенбіз ғой. Шымкентке барғанда өзіміздің қара шаңырағымызға барғандай көңіліміз көтеріледі, өседі. Шынымызды айтсақ, өз жерімізге, өскен жерге, елімізге келдік деп тұрамыз. Ал енді, біздің сонау Қазығұрттан ары қаншама ел жатыр. Үлкен ақсақалымыз әдейі келген соң, Қазығұрттан арғы қаншама елдің сөз ұстары келген соң, айта кету керек, бұл кісінің үлкен еңбегі бар елімізге, әрине, біз мынау Сыр бойында жүрміз, мұны әрдайым еске аламыз өзіміз. Енді мынау дастархан басында бір ауыз сөз айтыңыз, тілек білдірсеңіз дейміз, Төке, Төлепбек ақсақал!

-Үрімкең кішкентай ғой, - деп орнынан Төкең әзілдей тұрып келе жатыр еді, Бекен асаба:

-Өзімізге де екі жүз граммдыққа құяйын деп жатырмын, - деп қалды.

-Мен 200 емес, 300 құйсаңыз да ішемін, - деп іле-шала жауап берді қызу Төкең.

-Не айтамыз, бөріміздің келген себебіміз белгілі, мынау ардақты ағамызбен бірге Шараф Рашидовтың 75 жасқа толуына арнайы шақырылғанбыз. Осы кісінің тапсырмасымен - бірге жүрген адамбыз. Біз үшін осындай қазақтың ардагер ұлының қасында жүру - үлкен қуаныш, үлкен бір мәртебе, зор бақыт. Ертең Құдай өмір жасты берсе, немере, шөбере көрерміз. О ата, қайда болдың? - десе, Димаш Ахметовичтің қасында болдым, сол кісімен дәмдес-түздас болдым. Сол кісімен бірге Өзбекстандағы ағайындарға бардым. Өз басым ғана емес, көпшілікпен, өздеріңізбен, ағайын, туысқан, бауырлармен болдық деймін. Құдай қаласа, нәсіп болса, шаршамай, денсаулық болса Шараф Рашидовтың 75 жылдығына барамыз деп еді, Құдай тағала аумин деген екен, міне, келіп отыр.

Жігіттер, менің түсінуімше, абыройды, атақты болсын, адамгершілікті, төлімділікті болсын елге, бір адамның маңдайына бөріні үйіп-төгіп тағдыр жазбайды.

Ал бұл кісіге тағдыр соны жазған. Адам жоқта біз де адам боп елде бір ауданды басқардық. Соған да бөріміз қазандай болады. Бір Қазақстанды - 25 жыл, Совминді қосса - 42 жыл басқарған адам, осы бүгін қасымызда ешнәрсе демей-ақ отыр.

Ал екі жыл бір ауданды адам жоқта басқардық, деп біз де қолтығымызды көтереміз, - деп Төкең өзі де күліп алды. Басқалар да сөзіне бас шайқап күлді.

-Сондықтан не айтамыз. Менің қуанатыным сол - бұл кісілердің қасында жүрмін. Шырағым, қазақта мақал бар. "кісі болатын кісінің, кісіменен ісі бар, кісі болмайтын кісінің кісіменен несі бар?" деген. Димаш Ахметович, Сұлтан ағамыз отыр қасында, қала берді екі жыл аудан басқарған мен де бармын. Міне, осы ардақты кісілер келіп отыр. "Сұңқар тойғанына семірмейді, органына семіреді" жігіттер. Жаңа бір әңгіме боп қалды ғой "аудан қонақасы беріп отыр" деген. Кімдікі болса онікі болсын, анық білмей отырмын. Дәл осындай шығын шығады, бір аптада қалпына келеді. Алла-тағала орнына өзі келтіреді. Құдай-тағала бергенге береді, осы шығының қалпына келеді. Құдай-тағала берем десе табады.

Берем десе Құдай-тағаланың беретін жақсылығы да көп, қинаймын десе Құдай-тағаланың жіберетін бөлесі де көп. Сондықтан, жігіттер, тойсақ тоба қылайық, елдің бірлігін ойлайық. Құдай-ау, бір-бірімізге "сенге" бармайық, "сізбен" тоқтайық. Ұзақ өмір тілеймін, үлкен бақыт тілеймін, шырағым. Сен жаман күтпейді екенсің. Мен жақын жерден - Шымкенттен жиі келетін боламын, - деді Бегім Серіковке қарап күліп.

-Сіз келсеңіз, біз дайынбыз, - деп жауап беріп, ризашылықпен ол да күлді.

-Менде жұмыс жоқ. Мынау жеңген айтса, "істеп жатқан жұмысың жоқ, тауып жатқан дүниені жоқ, отыра берсең бе" десе, машинама мінем де: "ой, Өзбекстандағы ағайындарыма барамын" деп келіп тұрамын. Сондықтан үлкеніңе үлкендей, кішіне кішідей ұзақ өмір, үлкен бақыт, үлкен денсаулық тілеймін. Ал енді Шараф Рашидовты ақтау еңбегі үшін - Президенттерің Каримовке аппақ шашымды иіп, төжім қыламын. Бұл - Шараф Рашидовты ақтау емес, ұлы өзбек халқын ақтау. Өзбек халқына түскен дақты жуу деген сөз. Бұл - үлкен азаматтық, батырлық.

-Ой, рахмет.

-Сондықтан, ол кісіге ұзақ өмір тілеймін. Қасиеті бар адам екен, үлкен бақыт, зор денсаулық тілеймін. Ал енді біреу айтқан екен: "Абылайдың асында шаппағанда, өкеңнің басында шабасың ба" деп. Димекең келгенде ішпегенде қай уақытта ішесіңдер? - деп отырғандардың қолтығына су бүркіп қыздырып, көтермелеп жіберді. Алдыартын ықшамдап, әдемі әңгімені өнеге бере аяқтады. Димекең де әлгі сөзге қатты күлді. Жұрт та қосыла ду күлді.

Әртүрлі әңгімелер айтылды. Назарбеков көп сөйлеп отырды да, бейнефильм түсіріп жүрген жігітке арнап:

-Мына Димекең келді, келуін пайдаланып біз де түсіп қалдық, біраз жерге. "Сізді видеодан пәленшенің үйінде көрдік" дейді, менде жоқ сол видеокассета.

-Мен де, көрдің Сізді, - деп Бегім қоштады.

-Солай ма?

-Сендердің қазір түкіріктерің жерге түспей, ауада қатып жүр ғой. Сондықтан, соны екеу-үшеу етіп Димекеңнің өзіне де, бізге де берсеңдер жақсы болар еді. Сендердің қолдарың тимесе, маған берсеңдер болды ғой, апарып беремін.

-Өбізателно береміз, - деді Бекежан Тоқсанбаев. Бегім Серіков те қоштап жатыр.

"Жақсы алыпты", "Жақсы түсіріпті" деп 8 май Жеңіс күнгі түсірілген видеотаспа туралы айтылды.

-Иә, Сіздердің керемет түсіруге де, сөйлетуге де мүмкіншіліктерің бар ғой, - деді Назарбеков.

(Жалғасы бар)

Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ,  
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,

Әбдіғалпал СЕРІКБАЕВ,  
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі.



## АЗИЯ ДАМУ БАНКІ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ СУ БҰРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕ

2 қыркүйекте Шымкент су арнасына Азия даму банкінің мамандары және «КазЦентрЖКХ» АҚ өкілдері келді. Делегация сапарының мақсаты – «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-і тәжірибесін зерделеу.

Қазақстанда шайынды суларды тазарту қондырғыларын жаңғыртудың арнайы бағдарламасы жасалды. Әдетте, мұндай жұмыс ұзақ уақытқа елеулі қаржылық салымдарды қажет етеді. Индустрия және инфрақұрылымды даму министрлігі Еуропалық даму банкі мен Азия даму банкі (АДБ) сияқты халықаралық қаржы институттарының қарыз қаражатын пайдалануды ұсынды.

Айтпақшы, Еуропалық даму банкі Қазақстандағы ауыз сумен байланысты инвестициялық бағдарламаларға белсенді қатысады.

АДБ өкілдері Шымкент қаласына «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС-нің қызметімен танысу мақсатында келді. Кәсіпорынның қызметі Қазақстанның су шаруашылығы үшін үлгі ретінде келтірілген. Делегация мүшелері инвестициялық бағдарламалардың қалай жұмыс істейтіні, суды бақылау және есепке алу, цифрлық технологиялар қалай енгізіліп жатқандығы туралы білді. Сапарының соңында олар қаладағы көріз тазарту қондырғылар

## Тіл тарихы – терең мұхит

Тіл-халық тарихы, тіл-ұлттық қазына, тіл біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз, барымыз.

Ана тілі – бұл атаңның тілі, анаңның тілі, туған халқыңның тілі. Ана тілін біз кішкентай кезімізден қастерлеп, құрметпен үйрене бастаймыз. Әр халықтың жер бетінде жасағаннан бергі басынан кешкен өмірі, ерлік істері, аңыз-ертегілері, шығарған өлең-жырлары, жазған кітаптары, табиғат пен қоғам құбылыс атаулары, көрген-білген жалпы дүние жайындағы ұғымдары ойы, сезімі бәрі-бәрі де ана тілінде сақталады, ана тілі арқылы атадан балаға ауысып отырады.

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық

мәдениеті жоқ ел, өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, қазақ тілінің тарихы өртүрлі кезеңдерді бастан кешкен қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Оның қалыптасуға бет алуы XI-XII ғасырлардағы Түрік қағанатының пайда болу кезеңінен басталып, XV ғасырдағы қазақ хандығы тұсында өбден қалыптасып болған еді. Қазақ тілі тарихы – түркітанудағы күрделі мәселелердің бірі. Әдетте, тіл тарихы ұлт тарихымен сабақтас өріледі.

**Аманғали АБДУАЛИЕВ,**  
ИЧ – 167/11 мекмесінің ТИБКК орынбасары,

## ҚАЗАҚСТАНҒА ҚЫТАЙ ИНВЕСТИЦИЯСЫ КЕРЕК ПЕ?

Қазақстан әлемде дамушы елдердің қатарында. Сондықтан да бөсекеге қабілетті болу үшін елімізге шетел инвестициясын тартуды қажет етеді. Әлемдегі дамыған елдер инвестиция тарту арқылы халықты жұмыспен қамтып, елдің әл-ауқатын жақсартып келеді. Бүгінде елімізде Кеңес заманынан қалған зауыттар мен фабрикалар тозығы жетіп, қараусыз қалуда және қалпына келтіру үшін үлкен қаражатты талап етеді. Солардың ішінде Шымкенттегі қорғасын, фосфор, шина зауыттарын айтуға болады. Бұл орайда бізге қаңырап қалған зауыттарды шетел инвесторларының көмегімен қайта жөндеуден өткізіп, жаңартып, ел игілігіне беруді көздеміз-қажет.

Қазақстан - Қытай ынтымақтастығы шеңберінде, яғни 2013 жылы «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 2019 жылға дейін 51 бірлескен жоба жоспарланған болатын. Бүгінде қытайлық инвесторлар Қазақстандағы өндіріс орындары мен бизнесті қолдап, оларды қаржыландырып, технологияларын жаңа заман талабына сай етіп келеді. Солардың бірі Шымкенттегі мұнай өңдеу зауыты (МӨЗ). Өңіріміз ауыл мен егін шаруашылығына өте қолайлы және халықтың басым көпшілігі ауылды жерде мекендегендіктен, жергілікті халық осы салада еңбек етіп, нәпақасын тауып келеді. Оңтүстікте тіршіліктің қайнар көзі атанған жанармайдың тапшылығы шаруалардың мақтасы мен астығын егу және жинау кезінде үлкен мәселенің біріне айналғаны баршамызға мәлім. Тіпті, сол кезде облыс орталығы болған Шымкентте бағытқа шыға алмай тоқтап қалған жолаушылар тасмалдайтын қоғамдық көліктер осы жанармайдың қымбаттағаны мен отын тапшылығынан талай зардап шеккен болатын.

Алайда, екі елдің өзара келісімінің аясында, қытайлық инвесторлар Шымкент МӨЗ



толығымен жөндеуден өткізіп, өңірімізде ғана емес, елімізде көгілдір отын мен жанармайдың тапшылығының алдын алды десек, артық айтпағанымыз болар. Ең бастысы, жанармай сапасы Еуро-4, Еуро-5 экологиялық стандартына көшіп, әлемдегі ең ірі мұнай өңдейтін зауыттардың қатарына енді. Мамандардың айтуынша жөндеуден өткен зауыт, қоршаған орта мен ауаны ластамайды. Қазіргі таңда өңірімізде қытай инвестициясының арқасында жанармай мәселесі толығымен шешілді. Ендігі мәселе елімізде өңделген мұнай өнімдерін сыртқа шығарып, ел қазынасын толтыруды көздеу.

Ал, соңғы кездері қоғамда орын алып жатқан қарсылықтар Қытайдың 55 зауытының елімізде салынуының аясында болып отыр. Бұл ақпаратты блогерлер әлеуметтік желілерде таратып, халық пен билік басшыларының арасына іріткі салып, қоғамды дүр сілкіндірді. Әрине, мәселенің төркіні қытайлықтарға жер сату болса, онда бұл мәселеге Үкімет 2021 жылға дейін мораторий жариялаған болатын.

Аталған мәселеге байланысты ҚР сыртқы істерінің вице-министрі Е.Көшербаевтың орталық коммуникациялар қызметінде БАҚ өкілдеріне берген жауабында мұндай өңгімелер бар, бірақ бағдарламалар жоқ екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, әрбір бағдарлама

мемлекеттік комиссиядан, тиісті мамандардың егжей-тегжейлі бақылауынан өтетінін және ешкім де ескі өнімді елімізге кіргізуге жол жоқ екенін атап өтті.

Ал, бірлескен Қазақстан - Қытай жобаларының тізімінде машина жасау, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, химия мен фармацевтика, мұнай мен газ және энергетика саласындағы құны 27,5 млрд. АҚШ долларынан тұратын жоба екенін атап өтті. Бұл орайда жергілікті халықты жұмыспен қамту да оң шешімін таппақ.

Қазіргі таңда жоғарыда аталған бірлескен жобалардың кейбірі іске қосылған. Солардың ішінде «JAC» автомобилін құрастыру, «Dan Ake» ЖШС цемент зауыты және құбыр шығаратын зауыттар елге қызмет етіп келеді. Бүгінде Қазақстанға жалғыз Қытай ғана емес, өзге елдер де инвестиция салып келеді. Мәселен: Нидерланды, АҚШ, Швейцария, ал Қытай болса Қазақстанға инвестиция салудан төртінші орында.

Кезінде Шымкенттегі МӨЗ жанармайдың мәселесін шешкен қытайлық инвесторларды оңтүстік халқы жақсы біледі, сондықтан да тоғыз жолдың торабы «Ұлы Жібек Жолының» бойындағы қалың халық, қаймағы бұзылмаған жүзден астам ұлт өкілдері мекендеген аймақта, елдің қозлағанынан зор үміт күтеді.

## Дәстүр ұлағаты

Қазақ отбасылық тұрмысқа қатысты бай салт дәстүр мен жөн-жоралғылар бар. Мәселен, соның бірі жас түскен келінге ұлағатты ой айтатын – беташар дәстүрі.

Беташардың жаңа түскен келін үшін тәлім-тәрбиелік мәні мен ғылыми негізі өте жоғары. Ол жаңа түскен келінге борыштылық және жауапкершілік сезімін тудырып, әдепті, ұятты, мұратты, еңбекшіл, іскер болуға дағдыландырып, үлкенді құрметтеп, кішіні аялайтын, түрлі жаман әдеттерден бойын аулақ ұстайтын, кеңпейіл, кешірімді, мейрімді, жанашыр болуға баулиды. Есею, ержету, жар сую, перзент тәрбиелеу сынды өмір заңдылығын шынайы ұғындырады. Кімнің алыс, кімнің туыс екендігін білгізіп, үлкен-кішімен болған қарым-қатынас жолын айқындап береді.

Міне, осылайша ауыл-аймақ, үлкен-кішіге тегіс сөлем жасатып, сондай-ақ ақыл-кеңес беріп, келіннің бетін бүркеп тұрған ақ желекті ашып, келінді көпшілікке көрсетеді. Міне, бұл ұлағатты рәсім – беташар деп аталады.

**Нұрбек ТАСҚЫН,**

ИЧ-167/11 мекмесінің РжК бөлімінің инспекторы, әділет

## Жолдау жүктеген міндет

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін ел халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты алғашқы Жолдауын ұсынды. Бүгінгі Жолдау осы жылдың маусым айында сайланған Президенттің тұңғыш Жолдауы болғандықтан, ерекше қызығушылық тудырады. Жолдаудың міндеттері Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасының негізгі ережелерімен сәйкес келеді, бұл оның өзі қабылдаған шешімдердің жүйелілігін және олар үшін нақты жауапкершілікті сезінетіндігін көрсетеді.

Президент атынан сөйлеген билік жалпы мемлекеттік сындарлы міндеттерді ашық талқылауды

бастауды ұсынады. Осыған байланысты көп партиялықты одан өрі дамыту, қоғамдық келісімді сақтау, халықпен тиімді байланыс орнату, митингілер туралы заңнама ны жетілдіру сияқты мәселелерге баса назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ауыр қылмыстар үшін жазаны қатаңдату, азаматтық қоғамды қолдау, саяси трансформацияны жалғастыру, ішкі істер органдарын реформалау секілді және басқа да өртеніп тұрған өзекті мәселелерді көтерді.

**Жеңіс ЕСЕНГЕЛДИЕВ,**

ИЧ-167/11 мекмесінің  
АКАӨПТЖ бөлімінің  
инспекторы,  
әділет аға лейтенанты.

**АЙҒАҚ**  
MEDIA

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

**РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:**  
160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.  
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Бездендіруші  
Қарлығаш ЖАҚЫПОВА - Жарнама  
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86.  
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30.  
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25  
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 452 53 53

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Төменгі, Шымкент.

Жазылу индексі **65836**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

Талсырыс: №163  
Тарағыс: 7000

Нөмірдің кезекші редакторы - Ақерке Исманова

**ТОО «АКТИВ ЛОМБАРД»** сообщает о проведении торгов по реализации не выкупленных заложенных имуществ

**На торги выставяются**

ОРГТЕХНИКА,  
БЫТОВАЯ ТЕХНИКА,  
МЕХОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ,  
АУДИО-ВИДЕО  
ТЕХНИКА.

**Метод проведения торгов - английский**  
*Прием заявок на участие начинается со дня публикации объявления и заканчивается за (один) час до проведения торгов.*

Торги проводятся с 1-го по 31 мая, ежедневно с 09:00 до 20:00 по адресу: г. Шымкент, ул. Г.Иляева 5/4, ТД New Astana 2 этаж.  
Тел: 8 778-555-35-90, 8 771-664-06-87, 8 771-050-11-07

**АКЦИЯ!**  
**АЙҒАҚ** телеарнасы жарнамаңызды ұтымды жариялауды ұсынады:  
Жүгіртпе жол **Акция:** 2+1, 3+2, 5+3, 10+6, 20+12  
Күндік көрсетілім **70** рет  
*Асымыңыз!*

**Ремонт телевизоров и спутниковых антенн**



Тел.: 56-17-58,8 702-243-45-54, 8 771-670-72-37

сауда ойын-сауық орталығы  
**РАХИМА ПЛАЗА**



- Балалар үшін керемет демалыс орын
  - Ерлер, әйелдер және балалар киімдері
  - Дәріхана мен асхана
  - бесікарбалар мен велосипедтер
  - бөлме гүлдері мен картиналар
  - алуан түрлі ыдыстар, астаулар
- Мекенжайы: Шымкент қаласы, «Нұрсәт» м/а.**

*Заманауи үлгідегі бағасы арзан сауда орталығы*

**Хабарландыру**

Компания базаға және бизнеске арналған **1,1552 га** жер учаскесін сатады. Ыңғайлы кіретін жол, жақын жерде үлкен автотұрақ бар. **Бағасы келісімді.**

Мекен-жайы: Водопьянов 3/1 көшесі, СМУ - 4 және 1000 ұсақ-түйек аймағы, құрылыс материалдары нарығының жанында.  
**Байланыс телефоны: 30-11-27, 8 707-927-47-02**

\*\*\* Жеке кәсіпкер Тіллегенова М. атына берілген 2016 жылы шыққан зауыт №000001381976, Меркурий 115 Ф КЗ (версия 115 КЗ 010) маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Жеке кәсіпкер Бердибекова Н.Т. атына берілген 2004 жылы шыққан зауыт №288, ОРИОН-100 Ф КЗ маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Бахытханова Арайлым Бейбітханқызы атына 12.06.2019 жылы берілген №4648070, ТЖК/ 790300524 сертификаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Дустбеков Мирзохид Шокируғлы атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Жеке кәсіпкер Эрматов Г.И. атына берілген 2001 жылы шыққан зауыт №7120319, Миника 1101 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Жеке кәсіпкер Идирисова атына берілген 2010 жылы шыққан зауыт №00855324, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық

**Жарамсыз деп танылсын**

аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Аймақтық Әлеуметтік Инновациялық университетін 09.08.2019 жылы бітірген 1979 жылы туылған Ахмет Даяр Еркінбекұлына тиесілі дипломының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* 18.06.1996 жылы Республикалық әскери мектеп - интернаттын берілген ОА - II №0480429 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* «D'ACCORD-Travel Agansy» ЖШС атына берілген 2013 жылы шыққан зауыт №010000017844, ПОРТ DP-50 Ф КЗ (версия В. 18.41) маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Жеке кәсіпкер Байғұтов Ж.Т. атына берілген 2004 жылы шыққан зауыт №1393084, Миника 1102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* «Шымкент құс» ЖШС атына тіркелген SDLGLG - 952 Н маркалы спец техника погрузчиктің тех паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* «Blagoinvest» ЖШС (БСН:

110740008736) атына берілген 2015 жылы шыққан зауыт №AA00872454, Меркурий 115 Ф КЗ (версия 115 КЗ 010) маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* «Шымкент темір» ЖШС тіркелген FUCHS MHL 340 мемлекеттік белгісі AAA 073 арту машинасының техникасының паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Айтымбетова Әсел Әлібиқызы атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген сынақ кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Тажибекова Ерболат Сапетулаевич атына ҚР берілген мекендеу құжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Анохина Андрей Владимирович атына Өзбекстан Мемлекетінде берген жеке куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

\*\*\* Дусимова Ланло атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

**Баспасөз - 2019**



**Жазылу индексі: 65836**

**АЙМАҚТАҒЫ ШЫҚТЫ ЖАЛЫҚТАРМЕН ТЫНЫСТАҒЫЫЗ КЕЛСЕ, «АЙҒАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫЫЗ!!!**

Сіздің «Қазпочта» және редакция арқылы жазылуға мүмкіндігіңіз бар

	6 айға	12 айға
«Айғақта» жазылу	1200 теңге	2400 теңге
Қазпочта (қала)	1639,08 теңге	3278,16 теңге
Қазпочта (ауыл-аймақ)	1750,80 теңге	3501,60 теңге

**Открылось наследство**

\*\*\* Умер Әшір Тірес Төленбайұлы. Дата смерти: 12.04.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Алимову Акмарал Равшановну. г. Шымкент, ул. Ташенова, 12/А-1. Тел.: 8 /7252/ 53-56-10, 8 701-742-99-10.

\*\*\* Умер Турбеков Ораз Ордабекович. Дата смерти: 31.07.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургенбаеву Рыскуль Омирзаковну. г. Шымкент, ул. Желтоқсан, пр. Момышулы. Тел.: 8 702-253-49-23.

\*\*\* Умер Самбетов Жаксыбай Рысалиевич. Дата смерти: 11.03.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Рахметову Гулшат Рахметқызы. Г. Шымкент, ул. Г. Иляева, 15-26. Тел.: 355-222, 8 747-525-58-28

\*\*\* Умер Кусакин Владимир Александрович. Дата смерти: 19.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кунабаева Г.Т. г. Шымкент. ул. Г. Иляева, 22-1. Тел.: 8 701-328-64-22.

\*\*\* Умер Ермаков Сергей Ергешович. Дата смерти: 07.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ингенбаеву Роза Аслановну. г. Шымкент, пр. Кабанбай батыра 14/23. Тел.: 8 701-407-52-26, 8 /7252/ 77-06-55.

